

Аңдатпа

Дипломдық жоба ленталы конвейерлердің көпқозғалтқышты электржетегін қарастырылған. Ленталы конвейерлердің түрлері, қысқаша сипаттамасы және жылдамдығын реттеудің түрлеріне тоқталдым.

ЖТ – АҚ жүйесі арқылы ленталы конвейерлердің электржетегінің математикалық сипаттамасы жазылып, оның үлгісі компьютерлік бағдарлама көмегімен құрылды. Бағдарлама көмегімен бұрыштық жылдамдық пен моменттің өтпелі процесстер қисықтары алынды. Көпқозғалтқышты ленталы конвейерлердің қолданылып жүрген электр жетектерінің артықшылықтары мен кемшіліктеріне, электр жетектері арасындағы тартылыс күштерінің таралуына, іске қосу-тежеу режимдеріне сараптау жүргізу нәтижесінде ленталы конвейерлердің электр жетектері жоғары синхрондау қабілеттіліктерімен реттелетін жүйелерді қажет ететін технологиялық талаптар анықталды. Жасалған жүйеге толықтай тоқталып, бір қозғалтқышты және көпқозғалтқышты электр жетектері бөлек қарастырылып, екі жүйенінде үлгілері тұрғызылды.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде ленталы конвейерлердің электр жетегін пайдаланудағы техника қауіпсіздігін сақтау шараларына талдау жасалды, жұмысқа кірісер алдындағы еңбек қорғау шарттары, техникалық қорғау шаралары және қорғаныстық жерге қосуға есептеулер жүргізілді.

Экономикалық бөлімде капиталды шығындар, жалақы шығындары, экономикалық тиімділік, электр энергиясына шығыны, амортизациялық аударымдар, экономикалық тиімділік және өтелімділік кезеңі қарастырылады.